

Ақтөбе облысы
Байғанин ауданы
Жарқамыс орта мектебі



Актюбинская область
Байганинский район
Жарқамысская средняя школа

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылы, Бәйгетөбе көшесі №17

Тел:8/71345/34621, e-mail: Jarkamys_mektep@mail.ru

«04» ақпан 2022ж

№ 22

Жарқамыс ауылы

Мектептің өзін-өзі бағалауын

ұйымдастыру және өткізу туралы

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығын және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2021 жылғы 29 қаңтар №3 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде 2021- 2022 оқу жылының 05 ақпан – 05 наурыз аралығында мектептің өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып, өткізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылып, атқаратын қызметтері бөлініп берілсін:
 1. С.Жиенбаева – мектеп директоры, комиссия төрайымы
 2. И.Туртаева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
 3. А.Сулейменова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
 4. М.Орынбаева – кәсіподақ ұйымының төрайымы, комиссия мүшесі
3. Осы бұйрықтың орындалуы өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры



Жиенбаева С

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Жарқамыс орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесіне жүргізілген
өзін-өзі бағалаудың қорытындысы туралы
Анықтама**

2021-2022 оқу жылы
Өзін-өзі бағалаудың қорытындысы туралы
АНЫҚТАМА

Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жарқамыс орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Білім беру ұйымының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, «Жарқамыс орта мектебі»КММ

Заңды тұлғаның байланыс деректері: Тел:8-7134534621, Инстаграм парақшасы -Жарқамыс орта мектебі.

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Жиенбаева Самалгүл Сейілқызы .ТЕЛ -87053796573
Ашылған уақыты :1977 ж

Мектеп ғимаратының аумағы 15095га.

Нысанның қызмет түрі: Жалпы білім беру ұйымы

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамызындағы №634 бұйрығымен бекітілген «Білім ұйымдарында мемлекеттік аттестаттаудан ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы №124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы №26 шілдедегі №366 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдеде тіркелген.

Мектепшілік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты төмендегідей комиссия құрамы бекітілді.

1. Жиенбаева С.С - комиссия төрайымы, мектеп директоры.
2. Туртаева И.К - директордың оқу ісі орынбасары, комиссия мүшесі.
3. Сулейменова А.К. - директордың тәрбие ісі орынбасары, комиссия мүшесі.
4. Орынбаева М.Ж-кәсіподақ төрайымы ,комиссия мүшесі.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріп сарапталды.

1. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттары 1-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады:

1.2. МЖМБС және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін арнайы орта білімді "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша 2 педагог 2021-2022 оқу жылында жұмыс істеді (растайтын құжаттар қоса беріледі). Мектепалды сыныпта 2 тәрбиеші. "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100% - ға бағаланды, демек **"uzdik"**.

1.3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасын сапалы іске асыру, баланың өмірін қорғауды қамтамасыз ету және денсаулығын нығайту мақсатында білім беру қызметін меңгеру, білімді меңгеруге дайындықты қамтамасыз ету, баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеуметтік орта" білім беру салалары бойынша пәндік-кеңістік дамытушы орта ұйымдастырылды.

1.4. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау үшін 2021-2022 оқу жылында тәрбиеленушілердің күндізгі және қашықтықтан өтетін халықаралық және республикалық зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері **"zhagsy"** ретінде бағаланды.

1.5. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау үшін 2021-2022 оқу жылында тәрбиеленушілердің күндізгі немесе сырттай өтетін халықаралық немесе республикалық деңгейдегі байқаулар мен шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері **"zhagsy"** ретінде бағаланды.

2. 2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспарлары

1-4 сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1 қосымша .2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1 қосымшамен бекітілген Бастауыш білім берудің оқу жоспарлары;

5-9 сыныптарда қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 6 қосымша ,2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6 қосымша,

10-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 31 қосымша,2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 100 қосымшамен бекітілген жалпы білім берудің оқу жоспарлары .

3.2. **Сабақ кестелері:** Оқу жоспарының инварианттық компонентіндегі сағаттар саны «Kundelik.kz» электронды журналындағы сабақ кестелерімен сәйкес 1-11-кластар енгізілді.

Барлық инварианттық, вариатив компонентіндегі оқу пәндерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары «Kundelik.kz» электронды журналында толтырылуы, күнтізбелік тақырыптардың жариялануы, электрондық журналда бағдарламалардың орындалуы зерделенуі барысында 100 % құрайтыны анықталды. Күнделік толтыру жүйесінде мейрам күндерінде біріктірілген сабақтар саны көрсетілген.

4. Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған өлшемшарттар

4.1. 2021-2022 оқу жылында бастауыш сыныпта 12 мұғалім сабақ берді. Осы мұғалімдерден педагог-сарапшы-5, педагог-модератор-2, 1 санат -1,санатсыз-4.Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан педагог-зерттеуші және педагог-сарапшы,модератор санаттағы педагогтердің үлесі-58 % -ды құрайды.

5. Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі

5.1. 2021-2022 оқу жылында негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің және педагог-сарапшы, педагог-зерттеушілердің үлесі – 60.

6. Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері.

Ағымдағы оқу жылында біздің мектептің оқушылары аудандық конкурстардың жүлдегерлері болды: «Зерде», 8-11-класс оқушыларына арналған ғылыми конкурс, "Bilgenbaige", «Аламан» олимпиадасы, 5-6 класс және 9-11 класс оқушыларына арналған пәндік олимпиада, лингвистикалық олимпиадалар мен конкурстарда жүлдегерлер қатарынан көрінді.

2021-2022 оқу жылы

Халықаралық деңгейдегі конкурстарға "Кенгуру – математика для всех", "British-Bulldog", "Русский медвежонок – языкознание для всех", "Человек и природа", "Пони" интеллектуалдық конкурстарының, Республикалық деңгейдегі байқауларға "Ақбота", "КИО", "Менің атам майдангер", «Жас дарын» республикалық ғылыми жұмыстар конкурсы. «Менің кіші –Отаным» сайыстарына белсене араласты.

7. Спорттық, шығармашылық және мәдени байқауларға, конкурстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері.

7.1. 2021-2022 оқу жылында аудандық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері"zhagsy" ретінде бағаладық

Оқушылардың спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, байқауларға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері

8. Интернет желісіне қосылу.

8.1 2021-2022 оқу жылында интернет «Қазақтелеком» жылдамдығы 4 Мб/с-тан асатын интернет "ortasha" деп бағаладық.

9. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру

9.1. 2021-2022 оқу жылында мектепке келіп жалпы білім беру бағдарламасымен оқитын облыстық психологиялық-медициналық кеңесінің шешімімен ерекше білім беру қажеттілігі бар 3 білім алушы бар. Білім алушылардың «Kundelik.kz» электронды журналы зерделенді. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар 1 оқушы жеке жеңілдетілген оқу бағдарламасымен үйден оқыту білімін алады.

Инклюзивті білім алатын оқушы білім беру ұйымы тарапынан дамуындағы ауытқуын түзету, білім алуына жағдай туғызу мақсатында логопед, дефектолог, психолог сүйемелдеуімен қамтамасыз етіледі.

10. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

10.1. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы төмендегі тәртіппен жүргізілді. 1-4-сыныптарда «Дүние тану» оқу пәнінің шеңберінде1-3-сыныптарда – 6 сағаттан, 4-сыныптарда -10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен, 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу пәнінің аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен, 10-11-

сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу курсы аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен АӘД пәнінің оқытушысының оқытуымен кіріктіру арқылы қамтамасыз етілген. «Kundelik.kz» электронды журналында толтырылған.

11. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру

11.1. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 32 қазандағы №604 бұйрығының 2-қосымшасының 2-тарауы, 1-параграф 25 тармағына сәйкес «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаты есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асыруы тиіс болатын.

12. Медициналық қызмет көрсету

12.1. Мектепте медициналық кабинет бар, білім алушыларға медициналық қызмет көрсетіледі.

12.2. Медициналық кабинет қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Медициналық кабинетте 1 мейірбике жұмыс жасайды. Медициналық қызметті жүзеге асыру сертификаты бар.

13. Тамақтандыру объектісі

Тамақтандыру объектісі (асхана) бар. Асханадағы (бейімделген) отыратын орындар саны -80. Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуші

ЖК «Кенжина Зоя».

Асхана толық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, санитарлық – гигиеналық талаптарға, нормаларға сай. Қорытынды беруші «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Ақтөбе облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Байғанин аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы».

Лицензия номері №D.03.X.KZ63VWF00051889. Берілген күні 28.05.2019ж

14. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы

Қолданыстағы инфрақұрылым. Мектеп типтік 2 қабаттан тұратын мекемеде орналасқан Мектепте жалпы 24 оқу кабинеті бар. Жабдықталған арнайы оқу кабинеттері 1 физика, 1 химия, 1 биология, 2 информатика, технология ер балалар үшін, 1 кабинет, технология қыз балалар үшін, сонымен қатар 1 спорт залы, 1 мәжіліс залы, 1 кітапхана бар. Мектеп асханасы 80 орындық Мәжіліс залы 120 орындық.

15. Қорытынды аттестаттау

15.1. 2021-2022 оқу жылында 9-сыныпты бітірген 33 білім алушыға үш міндетті пәннен: қазақ тілі, орыс тілі, алгебра және 1 таңдау пәннен (география) қорытынды аттестаттау жүргізілген.

№	Пәннің атауы	5	4	3	2	Білім сапасы	үлгерім
1	Қазақ тілі	5	17	11		66%	100%
2	Математика	1	9	23		30%	100%
3	Орыс тілі	10	8	15		98%	100%
4	Таңдау пән (география)	7	14	12		63%	100%

«Kundelik.kz» электронды журналына барлық мемлекеттік емтихан бағалары толық қойылған.

11-сыныпты бітірген 19 білім алушыға Ана тілі және әдебиеті (эссе нысанда жазбаша емтихан), алгебра және анализ бастамалары (жазбаша емтихан), Қазақстан тарихы (ауызша емтихан), қазақ тілінде оқытатын мектептерде (орыс тілі) және таңдау бойынша пәннен (биология) қорытынды аттестация жүргізілген.

№	Пәннің атауы	5	4	3	2	Білім сапасы	үлгерім
1	Ана тілі және әдебиеті	4	8	7		63	100%
2	Алгебра және анализ бастамалары	1	8	10		47,3	100%
3	Орыс тілі	4	6	9		52,6	100%
	Қазақстан тарихы	0	4	15		21	100%
4	Таңдау пән (биология)	0	9	10		47,3	100%

«Kundelik.kz» электронды журналына барлық мемлекеттік емтихан бағалары толық қойылған.

16. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалауды жүзеге асыру

16.1. 2021-2022 оқу жылында «Kundelik.kz» электронды журналын зерделеу барысында барлық білім алушыларға қалыптастырушы және жиынтық бағалаулар жүргізілгендігі, сыныптарда бағалар қорытындыланды..

17. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау

17.1. 2021-2022 оқу жылында оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 аптаны, 2-11-сыныптарда 34 аптаны құрады. Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы 30 күнді құрайды. Каникул мерзімдері ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген мерзімдерге сәйкес. Осылайша білім беру ұйымы сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтайтыны анықталды.

18. Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәлімет

18.1. Химия пәні мұғалімі Қалданова Жаннұр.«Химия пәні бойынша сабақтар топтамасы», Электрондық орта 2021 жыл.Ақтөбе облыстық Ғылыми –тәжірибелік орталығы.

Информатика пәні мұғалімі Тағал Мерует Мергенбайқызы .Әдістемелік құрал. Информатика пәнінен зертханалық жұмыстар. Word бағдарламасында сурет салу.Электрондық орта 2020 жыл.

Оқушы контингенті :

2021-2022 оқу жылында 343/145 оқушымен аяқтады .1-4 сыныптар –157 оқушы.5-9 сыныптар 148 оқушы 10-11 сыныптар 38 оқушы .2021-2022 оқу жылында 60 мұғалім жасады. 23 мұғалім педагог-сарапшы,6 мұғалім педагог-зерттеуші ,7 мұғалім педагог модератор, 2 санатты мұғалім -2 ,1 санатты мұғалім-2.санатсыз мұғалім 20.

Мектеп ғимаратының аумағы 15095кв.м

Мектеп директоры :  Жиенбаева С.С